

ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Қазақстан Халқы Ассамблеясының қызметімен танысып «Ассамблея принципі БҰҰ-ң жұмыс принципімен толық сәйкес келеді» – деп атап өтті.

Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағида-даттар жүйесіне негізделген Ұлт Бірлігіне жету болып табылады. Сондықтан 2010 жылы сәуірде азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың, азаматтардың сындарлы ұсыныстарын жинақтаған Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы қабылданды. Доктринада: «Ұлт Бірлігі Доктринасы – халықтың, уақыт талабына сәйкес бірігу қажеттігін түсінуіне негіз. Бұл – бізді қандай күш біріктіреді және біртұтас етеді – соны түсінудің тәсілі. Бұл – болашаққа бірігіп ұмтылудың серпіні. Доктринаның қажеттілігі өмірдің өзінен, біздің жалпы тағдырымыздың, тарих логикасынан туындап отыр. Өйткені бірліксіз – Ұлт жоқ. Ұлтсыз – мемлекет жоқ. Ал мемлекетсіз – болашақ жоқ», деп көрсетілген [5].

Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Үлкен ел – үлкен отбасы» кең көлемді жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, ол қазақстандықтардың біртектілігін нығайтады және азаматтық қоғамның бүтіндігін қалыптастыру үшін жағдай туғызады. 100 нақты қадам» – бұл жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары».

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қалаған ұлтаралық ынтымақтастықтың жолы арқасында Қазақстанның көпэтностық бай кеңестігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік үлгісі орнады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә. Назарбаев ««Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012
2. Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» / А., 1999
3. Н.Н. Турецкий «Қазақстан билігінің заң шығарушы тармағы» / А., 2011
4. Н.Назарбаев «Эра независимости», 2017
5. Ұлт бірлігі Доктринасы. www.assambly.kz

ӘОК 81.42(075.8)

ЕҢБЕККЕ БАУЛУ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІН САЛЫСТЫРУ

Хасенова Ә., 1 курс, 7М02301 – қазақ филологиясы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Досова А.Т., филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Мақалада қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің мақал-мәтелдеріндегі «еңбек» концептісі қарастырылады. Қазақ, орыс және ағылшын мақал-мәтелдерін зерттеу арқылы біз тілдері оқытылатын елдердің мәдениетімен ғана емес, сонымен қатар сол елдер өкілдерінің психологиясымен және дүниетанымымен танысуға мүмкіндік аламыз.

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

«Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағдысына кіреді» деген ұлы ақын Абай атамыздың сөзінен бастайық. Біздің планетада әртүрлі халықтар тұрады. Сол әр халықтың өзінің тілі, діні, әдебиеті, ауыз әдебиеті сияқты өз тілінің ерекшеліктер болады. Адамның ойын жарыққа шығаратын күшті құрал тіл. Ал тіл адамдар түсінетін құрал болып қана табылмай, сонымен бірге атадан балаға мирас болып келе жатқан өмір тәжірибесін, өнер-білімін жеткізуші құрал. Өзіміздің рухани байлығымыз тіл арқылы жасалады, жеткізіледі. Ауыз әдебиеті халқымыздың асыл да мол мұрасы, қымбат қазынасы.

Мақал-мәтелдер – сөздік құрамның халық өміріндегі кезеңдерді, қарым- қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын, көңілдегі ойды шеберде ұғымды жеткізетін, қысқада нұсқа тұжырым жасайтын, мән-мазмұнға бай бөлігі.

Демек, халық өмір шындығын, көңілге түйгенін мақал- мәтел ретінде өз ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған. Аталмыш тілдік бірліктер арқылы жас ұрпақты елін-жерін сүюге, ерінбей еңбек етуге, білім алуға, адал, кішіпейіл болуға үндеп, жалқаулық, өсек-өтірік, мақтаншақ тәрізді қасиеттерден бойын аулақ салуға тәрбиелей білген [1,7].

Мақал-мәтелдерде халықтың бай тарихи тәжірибесі, жұмысқа, адам өмірі мен мәдениетіне қатысты идеяларды көрініс табады. Тиісінше, мақал-мәтелдерді білу, оларды орынды пайдалану қазіргі қоғамдағы жаһандану мен интернационалдандыру үдерістерінде маңызды мәдениетаралық қарым-қатынастың табысты болуы үшін қажетті шарт болып табылады. Ағылшын, орыс және қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер көп мағыналы болып келеді, сондықтан оларды түсіндіру мен салыстыру қиындайды. Мысалы, ағылшын мақаласының қазақ тіліндегі баламасын таңдағанда міндетті критерий құндылықтардың бірінің сәйкес келуі болып табылады.

Дегенмен, әдетте ағылшын, орыс және қазақ мақал-мәтелдерінде ұқсас ойды білдіру үшін әртүрлі бейнелерді пайдаланған, ол, өз кезегінде, өмірдің түрлі әлеуметтік құрылымы мен тарихи жағдайларды, халықтардың шаруашылығын сипаттаған, сондықтан олардың бір-біріне абсолютті эквивалент бола алмайтынын есте сақтаған жөн[2,9].

Мысалы: Қазақша баламасы: Еңбек түбі-бейнет, Бейнет түбі-зейнет.

Ағылшынбаламасы: Business before pleasure.

Орысша баламасы: Сделай дело, гуляй смело.

Ағылшынбаламасы: No sweet without some sweat.

Орысша баламасы: Без труда не вынешь и рыбку из пруда

Қазақша баламасы: Жылай-жылай жер қазсаң, Күле-күле су ішерсің[3,10-11].

Қазақ тілінде мақал-мәтелдердің бәрі негізінен жай сөйлем түріндегі тұрақты сөз тіркестеріне жатады, яғни олар тұлғасы жағынан – біртұтастыққа ие болған жай сөйлем типтері.

Құрылымы жағынан қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердің өзара ұқсастықтары жиі кездеседі. Мысалы: Бүгінгі істі, ертеңге қалдырма. Не оставляй на завтра то, что можно сделать сегодня. Never put off till tomorrow what you can do today.

Англия мен Ресейдің, сондай-ақ, біз өмір сүріп жатқан ел – Қазақстанның мәдениеттері әртүрлі, әрқайсысының терең тамырымен айқын ерекшеліктері бар. Сол үшін бұл үш тілдің мақал-мәтелдерінен тығыз байланыс және бірегей бояу іздей отырып салыстыру өте қызық. Әрбір мәдениетте тілді қолданатын халықтың негізгі құндылықтарын көрсететін өзінің кілт сөздері бар.

Мысалы, немістер үшін – тәртіп, нақтылық, ағылшындар үшін – мұқияттылық пен ұстамдылық, орыстарда – жомарттық, мейірімділік және жиі аталатын жалқаулық, жауапсыздық, ал қазақтар қонақжайлық, мейірімділік сияқты құндылықтар мен ерекшеленеді. Мәдениеттің мұндай кілт сөздері кез келген мәдениет өкілдерінің санасында ерекше психикалық құрылымдарды – концептілерді қалыптастырады. Сөз концепт болуы үшін ол

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ
КҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

жалпыхалықтық қолданысқа ие болуы керек, яғни фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдер құрамына қосылуы тиіс.

Мақал-мәтелдерді талдау көрсетіп отырғандай сөзсіз қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі осындай концептілердің бірі «еңбек» болып табылады. Еңбек адам өмірінде шешуші рөл атқарады, сондықтан қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің мақалдар жинақтарында еңбек туралы мақал-мәтелдер айтарлықтай орыналады. Мақалдарды салыстырған кезде дереу назар аудартатын нәрсе ағылшын тілінде еңбек пен жұмыстың маңызы туралы жалпы мақалдар саны орыс тіліне қарағанда көптігі (Англия 10%, Рустың 4%). *Labour conquers everything. Labour overcomes all things. Work conquers all. Life is nothing without work. Work is the spice of life. Labour is a treasure to man.* Орыс материалында қарастырылған мақалдардың ішінен мән-мағынасы ең жақын болып келетін: «Терпение и труд всё перетрут» – мұнда «еңбек» концептісі «төзімділік» концептісімен қатар берілген. Орыс тіліндегі мақалдарда еңбектің маңыздылығы негізінен болымсыз немесе қарама-қарсы мән үстейтін тілдік құрылымдармен қатар берілген: Труд – не мученье, а удовольствие. Человека греет не шуба, а работа. Жизнь без труда – потухший костёр. Без труда ничего не делается. Қазақ тілінде: «Еңбегі көптің өнбегі көп». Еңбексіз іс бітпейді. Үш тілге де ортақ тұжырым: «бірнәрсеге қол жеткізу үшін еңбектену қажет»[4,15].

Ағылшын тілінде осындай мәнге мақалдардың 8%-ы, орыс тілінде 15%-ы ие. Бұл идея барлық дәуірлердегі қоғамға жақсы таныс, ол діни кітаптарда да бар: «Еңбек етпей, байлық енбейді». «В поте лица твоего будешь есть хлеб». *No convenience without its inconvenience.* Еңбек күш-жігерді талап етеді. (Лёжа не работают. Лес сечь – не жалеть плеч. *Better to do well than to say well.* Сөзіндәлелденбесе, іспенкөрсет). Үш тілде де еңбек толастамайтын құбылыс ретінде етістіктермен беріледі. Еңбектің ауыртпалығы мол, қиын жұмыс концептісінде бейнеленуі орыс менталитетіне ғана емес, сонымен қатар барлық славяндар менталитетінің терең тамырына тән. Ағылшын сөзі «labour» латынның «labor» сөзінен шыққан, «әлеуметтік қиындықтар, қайғы қасірет деген мағынаны білдіреді.

Ағылшынша «work» – «жұмыс» готтардың «waurkjan» – «ауыртпалықты сезіну» – мен сәйкес келеді. Осыдан жұмыс пен ауыртпалықтың арасындағы байланыс жалпыадамзаттық менталитетке тән және ежелден-ақ әлем бейнелерінде көрініс тапқан деп қорытындылауға болады. Алайда қазақ, орыс ауыз әдебиеттерінде бұл байланыс жарқын көрініс тапқан болса, ағылшын тілінде ол айтарлықтай әлсірейді, оның маңызы айтарлықтай азаяды.

Ағылшын тілінде еңбектің демалыспен үйлесім табуы немесе оның зияны туралы мақалдар орыс тіліне қарағанда аз екенін атап өткен жөн, сондықтан ағылшынның «*Mix work with leasure and you will never go mad*» мақалы орыс тілінен алынған деуге толық негіз бар. Орыс тіліндегі мақалдардың тағы бір ерекшелігі: онда еңбектің өтемі ретінде «тамақ» айтылады, яғни «жұмыс тамақ береді». *Не приложив труда, не разведёшь скота. Не отрубишь дубка, не надсадя пупка. Не от росы урожай, а от поту. На полях лежать – ломтя не видать. Что потрудимся, то и поедим.*

Қазақ және орыс мәдениеті ұзақ уақыт бойы байланыста болғандықтан, қазақ тілінде де осы ерекшелік байқалады: «Қолы қимылдағанның аузы қимылдар». Ағылшынның «*If you won't work, you shan't eat*» мақалы жоғарыдағы қазақ, орыс тілдеріндегі мақалдардың баламасы болып табылады. Үш тілдегі мақалдардың үлкен бөлігі «жұмыс қандай болса, нәтижесі де сондай» тақырыбында қалыптасқан. *Не ексең, соны орасың. Что посеешь, то и пожнёшь. A man reaps what he sown.*

Л.В. Данилов пен В.П. Данилова атап өткендей, халықтың құрамының басым бөлігінде шаруашылықтың болуы түгел қоғамның менталитетіне және оның тарихи-мәдени кейпіне әсер етеді. Ал халық шаруашылығы Ресейде ХХ ғасырдың басында-ақ басым болды.

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ
КҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

Қарастырылып отырған орыс тіліндегі мақалдар екі топқа бөлінеді: еңбектің әділетті бағаланатынын және еңбектің зейнеті болмайтынын бейнелейтін мақалдар. Атап өткен тілідік фактілерді негізге ала отырып зерттелген әлемнің мақал-мәтел көріністері үш халықтың әлеуметтік-тарихи жағдайларының дамуымен байланысты. Мысалы, орыс тіліндегі мақал-мәтелдердің басым бөлігі ХХ ғасырдың басында Ресейдегі шаруа қожалықтарының дамуы тұсында пайда болған. Англияның даму жолы басқа болды, ағылшындық индустриалды революция ХVII ғасырда орын алды, онда еркін шаруашылық болды. Еңбек концептісінің қазақ, орыс және ағылшын мақал-мәтелдерінде бейнелену ерекшеліктері *Еңбек біздің өмірімізде үнемі орын алып отырады. (Воскресный день не нам, а господам. Были бы руки, а молоты дадут. He who would eat the nut must first crack the shell. Such carpenters, such chips. Кімеңбекетсе – солтоқ. Ұстаның жұмысы ісінен көрінеді).*

Бұл мысалдардан байқауға болатыны жұмыстың ешқашан аяқталмайтындығы. Ол ауысып отыруы мүмкін, бірақ бітпейді. Еңбек адамның барлық уақытын алатын серігі болып табылады. Еңбек кей жағдайда адамдардың еркінен тыс күш-жігер жұмсауды талап етеді, сондықтан рахат әкелмейді. *(He куплен – не холоп, не закабалён – не работник. Мужик за спасибо семь лет работал. He that would eat the fruit must climb the tree).* Еңбектің жақсы немесе жаман ақыры болады. *(Где работно, там и густо, а в ленивом дому пусто. He who would catch fish must not mind getting wet. Қазанға не салсаң, қасығыңа сол ілінер).*

Еңбек түріне қарай тұрмыстың жақсаруын қамтамасыз немесе ешқандай өзгеріс әкелмеуі мүмкін. Еңбекке деген көзқарасты жақсарту қажет. *(На дело не набивайся и от дела не отбивайся. Не покидай в запас дела, а покидай в запас хлеба).*

Көп күш пен жағымсыз салдардың пайда болуы адамды жұмыстан қашыруы мүмкін, дегенмен еңбектің бағалы екенін, жалқаулықтан алда тұратынын ұмытпау қажет. *(Еңбек бейнет емес, зейнет. Труд не мучение, а наслаждение).* Бұл мысалдардан шығатын қорытынды: қай заманда болмасын еңбекқор адамдар бағаланған.

Басқа мақалдар сияқты еңбек туралы мақалдарда да бағалау лексикасы қолданылады. *1. There is no bad work. 2. Плохой работы не бывает. 3. Жұмыстың жаманы жоқ.*

«Еңбек» пен «зейнет» жиі қарама-қарсы мәнде жұмсалады: *Труд человека кормит, а лень портит. Работе время, а досугу час. После дела и гулять хорошо. Business before pleasure. Еңбек ем те, мақтан; ойнап күл де, шаттан.*

В.И. Даль жинағындағы еңбекке қатысты мақалдарды 3 топқа бөлуге болады: – адам өміріндегі еңбектің орнын айқындайтын мақалдар; – еңбектің жағымды және жағымсыз салдарын білдіретін мақалдар; – адамға өмірде бағдар беретін мақалдар.

Бірінші топ мақалдары тікелей әрбір адамның өміріндегі жұмыстың маңыздылығы жайлы айтады. Мысалы: *! На бога уповай, а без дела не бывай. На ниве потей, в клети молись, с голоду не помрешь. Хочешь есть калачи, так не сиди на печи. Nosong, nosupper. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.*

Екінші топ мақалдары «жұмыс» түсінігін «мейрам, зейнет» түсінігіне кері мәнде қояды. Мысалы: *Труд человека кормит, а лень портит. Ранняя птичка носок прочищает, а поздняя глаза продурает. Где работно, там и густо, а в ленивом дому пусто. Что нарядёшь, то и протрясёшь. An idle brain is the devil's workshop[5,107-112].*

Жалқаулық – жаман ауру. Үшінші топ мақалдары адамның үнемі еңбекқор бола алмайтын пенделік болмысын әрқашан адал болуға, еңбектенуге шақырады. Мысалы: *Всех работ не переработаешь. Легко пришло, легко и ушло. Easycome, easygone. Видно мастера по работе. Не по словам судят, а по делам. Actions speak louder than words. Such carpenters, such chips. Сөзіне қарама, ісіне қара. Ердің атын еңбек шығарады. Ұстаның жұмысы ісінен көрінеді [9,10].*

ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Мақал-мәтелдер адамды жұмысын аяқтағаннан кейін ғана демалуға шақырады. Мысалы: *Мешай дело с бездельем, проживёшь век с весельем. All work and no play makes Jack a dull boy. Шевелись, работай – ночь будет короче. Работать – день коротать; отдыхать – ночь избивать. The tongue of idle person is never idle. Good words and no deeds. Praise is no pudding* [9,10].

Мақал-мәтелдер халық ауыз әдебиетін сүйіп құрметтеуге, сөз өнерінің асыл қазынасын меңгеруге, тапқыр сөйлеуге, ретті жерлерде қолдана білуге сыйғызып, айта білуге тәрбиелейді. Бірқатар қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінің құрамы мен құрылымы және мағынасы тұрғысынан өзара сәйкестіктері байқалды, абсолютті эквивалент, яғни теңбе-тең балама түрлері де кездеседі; – ағылшын мақалдары көбіне бір сөйлемнен ғана құралса, қазақ мақалдарының басым көпшілігі екі, не бірнеше тармақты болып келеді.

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі айтылар ойдың басқа бір жағдай, не құбылыспен салыстырыла жеткізуін тілдік ерекшеліктер санатына жатқызуға болады; – кейбір қазақ мақал-мәтелдерінің күнерегі қазақ қоғамында қалыптасқан билер институтымен, яғни Майқы, Төле, Әйтеке есімдерімен, Абай, Ыбырай, Жамбыл т.б. шығармаларындағы мазмұнды сөз үлгілерімен, қоғам қайраткерлерінің қанатты сөздерімен, жұмбақтар және діни мазмұндағы шармалармен, тығыз байланысты; ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің құрамында елді-мекендердің, атауларымен кісі есімдері жиі кездеседі; – туыс емес тілдердегі бірқатар мақал-мәтелдердің өзара мағыналас болып келуі қазақ және ағылшын халықтарының өмір тәжірибесінің, көзі жетіп, көкейіне түйген ой-тұжырымдарының ұқсастығымен, астастығымен байланысты; тіл тілдегі мақал-мәтелдер әрбір халықтың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жөнінде ақпарат көзі, яғни дүниенің тілдік бейнесі болып табылады; әртектес тілдердің мақал-мәтелдерін салғастырмалы түрде зерттеу жұмыстары жалпы тіл білімін теориялық тұрғыдан сонны тұжырымдармен толықтыра түседі және кейбір практикалық мәселелердің шешімін табуына септігін тигізеді.

Соңғы жылдардағы еліміздегі халықаралық саяси, экономикалық және мәдени байланыстардың дамуы мен нығаюы және республикамыздың халықаралық қоғамдастыққа енуі білім беру саясатына шет тілдерге байланысты көптеген өзгерістер әкелді.

Қазіргі кезде ғаламдық жаһандану, яғни әлемдік білім беру кеңістігіне ену процесі жүріп жатыр. Бізге экономикалық және қоғамдық қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет. Яғни жоғары нәтижелерге жету үшін, біздің болашақ ұрпағымыз өте білімді, заман талабына сай жан-жақты дамыған, мәдениетті және өте тәрбиелі болуы қажет. Ал жан-жақты дамыған тұлға тек берік біліммен қаруланып қана қоймай, қазіргі заман талаптарына сай бірнеше шетел тілдерін меңгеруі тиіс. Қазіргі кезде шетел тілінің қажеттілігі күннен күнге артып келеді. Ол қоғамдық-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени алға басуында қозғаушы айғақ болып отыр.

Өркениет қарыштап дамыған заманда көпшілігіміздің сөйлеу мәдениетіміз төмендеп, сөздік қорымыз азайған шақта адам бойында жақсы қасиеттерді қалыптастыру мақсатында тәрбиелік мәні зор мақал-мәтелдерді насихаттау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ж.Дәуренбеков « мақал-мәтелдері» / А., 2001
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7 том, 1983
3. Г.А. Бисенова, Р.Ж. Абтихалова «Ағылшын мақалдары мен олардың қазақ, орыс тілдеріндегі баламалары», 2015
4. В.И. Даль «Пословицы русского народа»/ М., 1989

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

5. И.Р. Гальперин «Очерки по стилистике английского языка» / М., 1958
6. А.В. Кунин «Фразеология современного английского языка» / М., 1972
7. Н.М. Шанский «Фразеология современного русского языка» / М., 1985
8. М.А. Захарова «Стратегия речевого использования образных фразеологизмов английского языка» / М., 1999
9. <http://www.eduengl.ru/poslovicey/24-angliiskie-poslovicey-o-trude.html>
10. <http://flaminguru.ru/posl48.htm>

УДК 159.9.072

**ОСОБЕННОСТИ АДАПТАЦИИ К ИЗМЕНИВШИМСЯ УСЛОВИЯМ
ОБУЧЕНИЯ И ПСИХОЭМОЦИОНАЛЬНОЕ СОСТОЯНИЕ СТУДЕНТОВ
ВО ВРЕМЯ КАРАНТИНА**

Мендекинова А.Т., 3 курс, специальности психология, институт экономики и права, Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова

Ельчищева О.В., магистр психолого-педагогических наук, старший преподаватель кафедры психологии института экономики и права, Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова

В данной статье описаны особенности психоэмоционального состояния студентов, обучающихся на дистанционной форме во время карантина и их адаптации к изменившимся условиям.

XXI век – стал веком цифровизации, а также инноваций для большинства развитых стран. Этот процесс стал неотъемлемой частью развития и для нашей страны, особое ускорение он получил в период пандемии COVID-19. Цифровизация проникла во все сферы жизнедеятельности социума, особенно подверглась этому сфера образования.

В феврале 2021 года в Алматы на форуме «Цифровая перезагрузка: Рывок в новую реальность» с участием Премьер-Министров стран ЕАЭС, глава нашего государства Касым-Жомарт Токаев отметил, что более 90% государственных услуг оказывается в электронном формате. В период кризиса около 6,5 млн граждан получили поддержку государства посредством цифровых систем. «Школы и вузы перешли на дистанционный формат обучения. Свыше 15 млн человек в Казахстане являются пользователями беспроводного Интернета. Мы прекрасно понимаем: будущее за технологиями и инновациями. Конкуренция на этом направлении очень высокая. По оценкам аналитиков, в 2021 году рынок технических, технологических и программных решений, направленных только на развитие искусственного интеллекта беспроводных сетей, компактных вычислительных систем вырастет на 35% и составит примерно \$12 млрд. Уже к 2025 году технология 5G позволит предприятиям проводить облачную обработку до 70% своих данных. В таких условиях нам необходимы гармонизация подходов и общая комбинация деятельности в этой сфере», – сказал Президент[1].

Обучение вне образовательных учреждений – стало очень сложным процессом, породившим ряд проблем, как организационных, так и психологических. Колоссальный поток информации, нестабильность в экономике, статистика и ситуация с вирусом – негативные воздействия, которые каждый день ощущает человек современности. Теперь вместе с этим нам приходится испытывать огромные сложности с образованием и работой в дистанционном формате.